

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№2 Айгөлек бөбекжай балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
бракераж комиссиясы отырысының
№ 3 хаттамасы**

Алға қаласы

27.03.2025 жыл

Күн тәртібінде: Тамақтың сапасын әр балаға мөлшерін бақылау

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде бракераж комиссиясының мүшесі аспазшы Галина Александрқызы өз пікірін білдірді. Ертеңгілік уақытпен баланы қабылдап алғаннан соң, медбикенің әзірленген сол күнгі асты әзірлеуге қажетті шикі тағамның құрамын қоймадан алып бала санына астың да әр балаға белгілі нормаға сәйкес мөлшері туралы тағамдардың түрлері, құнарлығы, сапасы туралы мәліметтерді атап шықты. Қолдағы бар шикі тағамның бірнеше сағатта өңдеп яғни жуылып, шайылып арнайы белгіленген текшелерде туралып арнайы қазандарда бөлек –бөлек пісірілетінін айтты. Күн тәртібінде белгіленген уақыттан кешіктірмей тағамдар кесте бойынша таратылады. Бала жасына сай топ топқа жоғарыда айтылып кеткендей, ересек топ, кіші топ деп мөлшерлеп 200/150 бірінші және екінші ас берілсе, салаттар 40/50, шырындар мен шай, кисель, кампоттар 180/150, нан 50/45, жемістер 200/180 мөлшермен беріледі. Аспазшы өзі осы мөлшерді бала санына осы грамдарды көбейту арқылы күнделікті есептеп шығарылатынын айтып өтті. Бақшадағы қоймашының да күнделікті азығының құрамы барынша уақытымен жеткізіліп отыратыны айтылды. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, кант бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамаққа қосып баланың алдарына әкелген асты жақсы тәбетпен ішетіні және тәуліктік астың алынып заласызданған таңбаланған ыдыстарға аузы тығыз жабылатын сыртына күні айы жазылып тоңазытқышқа салынуда.

Комиссия мүшесі Айман Амангелдіқызы балабақшадағы асты мәзіріне толықтай жауапкершілікпен қарап, барлық құжаттарын жүргізуде. Сөз соңында, балабақшада балалардың ас мәзіріне енгізілген тағамдардың құрамында бес күн-ет, төрт күн-тауық, бір күн-балық, күнделікті-сүт, дәнді дақылдар, көкөніспен жемістер, жеміс шырынымен қамтылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2025 жылы құрылған 10 күндік ас мәзіріндегі дайын ыстық тамақтың сапасын әр-балаға мөлшерін бақылау.

ШЕШІМ:

2025 жылға құрылған 10 күндік ас мәзіріндегі дайын ыстық тамақтың сапасы әр-балаға мөлшері талапқа сай қанағаттарлық жағдайда.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:



Б.Бердібаева

А.Мурзагулова

Г.Васильева

Ж.Абдугали

А.Қолдауова